

**Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 20 жылдығы:
қалыптасу және даму тарихы**

Сақтағанова З.Ф., Смағұлов Н.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В данной статье авторы рассматривают основные этапы становления и развития Республики Казахстан после обретения независимости, анализируют основные достижения страны и делают вывод о том, что Республика Казахстан занимает достойное место в системе мирового сообщества. В этом году весь казахстанский народ отмечает 20-летие независимости. За эти годы Казахстан стал мощным, процветающим, индустриально развитым государством, благодаря выбранному направлению индустриально-инновационного развития. Сегодня наша республика отмечает юбилей как правовой лидер демократических и экономических преобразований. В статье рассматриваются инновационные начинания первого Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева, а также достижения в формировании мощного процветающего государства и модернизации внутренней и внешней политики.

Authors of this article had considered the main stages of forming and development of Republic of Kazakhstan in the Period of Independency. They had analyzed the main achievements of the State and drawn conclusion that now Kazakhstan occupies the worthy place in the system of the World Commonwealth. In this year the people of Kazakhstan celebrates the 20th anniversary of independence. For the years Kazakhstan became thank to the direction of industrial innovatory development a powerful industrial developed state. Today our republic celebrates the anniversary such a rightful leader of democratic and economic reform.. This article is about innovation beginnings of the first president of Kazakhstan N.A.Nazarbayev and also his successes in forming of powerful prosperous government and modernization of inner and outer politics.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Онда Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет екендігі, ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленетіндігі, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізетіндігі, Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылатындығы, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құруға хақылы екендігін атап көрсетті. Сонымен, ол дүниежүзілік қоғамдастыққа және экономикаға дербес енуге мүмкіндік алды.

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет — Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес Қазақ елі келді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болып өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің

бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» [1].

Бауырлас Түркия мемлекеті Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаған соң бірден жарты сағаттан кейін танып, өздерінің тарапынан аса үлкен жауапкершілік пен қолдауын білдірді. Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін 1991 жылғы 17 желтоқсанда мойындады [2].

АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Германия, Франция, тағы басқа ірі-ірі мемлекеттер Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың соңына дейін мойындады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін егемен мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-на кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды.

Ежелгі қазақ жерінде жас тәуелсіз мемлекет қайта жаңғырып, өркендей бастағанына жиырма жыл болды. Тарих үшін мұндай уақыт үзгі қас қағым сәт дерлік — аз ғана мерзім, алайда осынау қысқа уақыт ішінде республикамыздың тарихында бұрынды-соңды болмаған жаңа саяси және әлеуметтік өзгерістерді бұл мезгілдің шағын аясына сыйғызу мүмкін емес. Осы жылдар ішінде Қазақстан берік тұғырлы, қуатты мемлекет болып қалыптасты. Біздің дүниежүзілік қоғамдастықпен тереземіз тең дәрежеде қарым-қатынас жасай алатын қабілетімізді әлемдік қауымдастық мойындады, таныды, тіпті бізден өздеріне үлгі ала бастады. Қазақстан мемлекеті өркендеуде өз жолын таба біліп, өркениетке өз үлесін қоса бастады. Осыдан жиырма жыл бұрын, тарихи акт — Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қабылданғаннан кейін ғана халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене құлшыныспен кірісті, елдің ішкі және сыртқы саясатын, өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбірінен өзгеше жаңа, демократиялық қоғам құру принциптерін дербес айқындады. Әрине, ең алдымен бұрынғы жүйенің құлауының зардаптарын, әлеуметтік-экономикалық күйреу мен дағдарысты бастан кешірдік.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты, сол уақыттарда тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш үкіметінің мүшесі, алғашқы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі, Премьер-Министрдің орынбасары, қызметтерін абыроймен атқарып, халқымыздың сеніміне кірген қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов өзінің 2005 жарық көрген «Серпінді кезең» атты еңбегінде еліміздің даму қарқынына былайша баға береді: «Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық қайта құрулар көп ғасырлық тарихымыздың қойнауында өткен заманның ешбір кезеңінде болмаған мүлде жаңа үрдіс, тың құбылыс жағдайында дамып келеді. Біз саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны нығайта түсуге және өзіміздің қазақстандық ұлтаралық келісім үлгісін жасауға қол жеткіздік. Тоталитарлық жүйенің құлдырауымен бірге КСРО-ның ұлттық саясатының тым идеологияландырылып жіберілген, түбірімен қате ұлттық стратегиясын 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі аяусыз әшкерлеп берген болатын. Сондықтан аяғынан енді ғана тұрған Қазақстан мемлекеті үшін мүлдем жаңа ішкі саясат жүргізуі тиіс еді. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды. Біздің Республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс жасап келеді. Әрі оған басқа мемлекеттер де қызығушылықтарын білдіріп отыр. Бұл бір экономикалық формациядан басқа, үлкен экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік проблемаларға өтудің кезіндегі кедергілерге қарамастан адамдар арасындағы бір-біріне деген сенімнің болғандығының жарқын көрінісі болып табылады» [3].

Қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің аса маңызды ерекшелігі — бұл үлгінің берік заңнамалық негізінің болғандығын да атап өткеніміз дұрыс болады. Өйткені көпұлтты қоғамның этникалық топтары арасындағы өзара түсінушілік пен төзімділікке ұмтылуының себебі барлық ұлттардың ел тағдырына деген патриоттық сезімі мен азаматтық

жауапкершілігінің болғандығынан еді. Республикада өмір сүріп жатқан халықтардың этникалық теңдігін бекітіп берген Қазақстан Республикасының Конституциясының орны да ерекше болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды. Кеше ғана 30 тамызда қабылданғанына 16 жыл болған еліміздің Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындығы анық айтылған. Елімізде ТМД мемлекеттерінің арасынан бірінші болып өз азаматтарының құқықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы құрылып жұмыс жасап жатыр.

Елімізде Президент қызметінің енгізілуі қоғамдық-саяси өмірде терең саяси реформалар жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстанда бір партиялық жүйенің орнына көппартиялық жүйе қалыптаса бастады. 1996 жылдың 30 қаңтарынан бастап екі палаталы парламент жұмыс жасап келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарына еркіндік берілді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан қысқа мерзім ішінде өтпелі кезеңнің ауыртпалағын артқа тастап, тиімді нарықтық экономиканы қалыптастырып алды. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды. Қазақстан Республикасының азаматтары экономикалық еркіндіктің арқасында меншік иелеріне айналды. 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта — теңге айналымға шықты. Осы күнде теңгеміз тұрақты, сенімді қаржы бірлігі болды. Жаңа тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды өте сәтті жүзеге асыра алды. Мұндай орасан зор өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ еді. Жетпіс жылдан астам қалыптасқан сананы, дүниетанымды өзгерту міндеті де оңайға соқпады. Меншікке қатысты көзқарастың өзгеруіне өмірдің өзі түрткі болғандықтан, жаппай жекешелендіру экономикалық қайта құру жолындағы алғашқы батыл қадам болды. Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға және елді дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне енгізуге бағытталған сыртқы экономикалық қызмет реформасы табысты жүргізілді. Бюджет саласының біртұтастығы, шығыстар мен мемлекеттік несие алу мөлшерін қатаң лимиттеу принциптеріне негізделген жаңа бюджет жүйесі қабылданды. Банк жүйесі батыл түрде реформаланды, халықтың банкке деген сенімі артты және жеке тұлғалардың банк жүйесіндегі салымдары тұрақты түрде өсті. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар үшін шаруашылық жүргізудің тең жағдайын қамтамасыз етуге, салауатты бәсекені дамытуға бағытталған экономиканы монополиясыздандыру мен жер реформасы жүргізілді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің Қарулы Күштерін құрды. БҰҰ-ның шешімімен тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларға қол жеткізді.

Жалпы еліміздегі аса өзекті әрі кезек күттірмес басты мәселеміздің бірі болып саналатын — тіл саясатын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз парасатты байыптылық танытып жүргізіп келе жатырмыз. Республикадағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Ол, бір жағынан, мемлекеттік тілді үйрену, пайдалануды міндеттесе, екінші жағынан — республикамызда бүгінгі қалыптасқан тілдік ахуалды ескеріп, орыс тілінің қолданылу аясына ешқандай шек қоймайды, оның үстіне басқа тілдерге де ешқандай шектеу жасамайды. Дегенмен, Қазақстан халқы мынаны түсінулері керек: қазақ тілі — осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі. Бұл тіл осы мемлекеттен басқа ешбір елде дами алмайды, бұл тілдің басқа Отаны жоқ. Сондықтан мемлекеттік саясатта бұл тілге алдағы уақытта да басымдылық беріледі. Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін әрбір азамат бұл тілді білуге міндетті. Тіпті қазақстандық патриотизм бізді осыған жетелеуі қажет. Әрине, басқа тілдер де біздің елде толыққанды өмір сүруге құқылы.

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. 2030 жылға дейінгі даму стратегиясындағы ұзақ мерзімді жеті басым бағыттың ішінде ұлттық қауіпсіздіктен кейінгі екінші орында көрсетілген. Ұлттық бірлік, татулық, теңдік қоғамның топтасуының кепілі. Дегенмен, көпұлтты республикада жалпыұлттық мүдделерді жүзеге асыруда қазақ ұлты оларды біріктіруші рөл атқаратындығы айқын. Күллі қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принцип пен ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Осыған орай, еліміздегі барлық ұлттар, ұлттық топтар мен этникалық топтардың тілі мен салт-дәстүр, мәдениетінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін Қазақстанда бірінші қазақ халқының түпкілікті ұлттық мүдделері дұрыс шешілгенде ғана өзге ұлттар мен этностық топтардың дамуына жол салынады.

Елбасымыз патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе — мемлекеттік тіл мәселесі екенін сан мәрте қайталап келеді. 2008 жылы 15 қаңтарда «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген мәжілісінде Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына, яғни еліміздің барша азаматтарына, мемлекеттік тілдің біріктірушілік ролін тағы да есіне салып, былай деді: «Партия жұмысының аса маңызды бағыты — теңдестірілген тіл саясатын жүзеге асыруға ықпал ету. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде Қазақстан қоғамы бірлігінің, топтасқандығының факторы болуы керек. Әлеуетті де бәсекеге қабілетті мемлекеттік тіл өзінің әлеуметтік функциялары мен қолдану ауқымын дәйектілікпен кеңейтуі тиіс» [4].

Кез келген елдің ұлт саясатының өзегі мемлекеттік тіл болып табылатыны белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда мәселенің Қазақстанда ешқандай асығыстыққа да, асыра сілтеушілікке де ұрынбай, өркенділікпен, байыптылықпен шешіліп жатқанын көруге болады. Қазіргі қоғамда қазақ тілін білудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінушілік барынша арта түскен. Қазақ тілі мемлекет құраушы ұлттың тілі ғана емес, сонымен бірге тұрақтылықты нығайтудың факторы қызметін де атқарып, барша қазақстандықтарды бір арнаға топтастырушылық күші барған сайын бекемдене түсуде. Уақыт өте келе бұл үрдістің қалыпты жағдайға айналары анық. Қазақстанды Отаным деп білетін басқа ұлт өкілдері ұрпағына қазақ халқының мейірімін айтып, кең пейіл халықты қадірлеп, тілін құрметтеуге баулыған жөн. Елбасымыз айтқандай, мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы болуы керек. Қазіргі қазақ тілі — өсіп-өркендеген, қоғамның барлық саласында қолдануға жарамды, заман талабына сай тіл. Қазақ тілін өмірдің барлық саласында кеңінен қолданып, оның мерейі мен мәртебесін көтеру әрбір қазақстандықтың басты мақсаты болуы тиіс. Халқымыз үшін басты мәселе — ұлты, ұлтының тілі, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, яғни ұлттық құндылықтары. Бұл құндылықтардың дамуы мен өркендеуі келешекте мемлекеттік біртұтастықты күшейтудің басты шарттарының бірі екені ешкімге де дау туғызбасы анық. Осы себепті мемлекетіміз үшін мемлекеттік тіл — қазақ тілі ұлтымыздың мәдени, рухани бірлігінің даму көрсеткіші болып саналады. Өсіп-өркендеген және қуатты қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Біз қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық. Сондықтан оған тура жолдан таймайтын, нағыз халықтың қамын ойлайтын, сындарлы саяси бағыты бар білімді азаматтар өте қажет.

Бүгінде Отанымыз өз дамуының сапалық жаңа даму кезеңінде, мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді шешу үшін бүкіл қоғамдық құрылымдардың жұдырықтай жұмылуын қажет етеді. Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттердің қатарынан орын алатынына барлық қазақстандықтар күмәнсіз сенеді. Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді. Интеллектуалдық күштердің топтасуы мен бірігуі, биліктің біріктіруші күш-жігері, азаматтық қоғамның, барлық ел тұрғындарының жұдырықтай жұмылуы Қазақстанның болашағы үшін ортақ құндылықтар болып табылады. Бай да бақуатты Қазақстан идеясы ел кеңістігіндегі ішкі ұлттық ынтымақтастықпен тиімді біртұтас рухани, мәдени, экономикалық және саяси жүйенің желісін айқындап, олардың қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Еліміздің барлық азаматтарын, олардың этностық ерекшеліктеріне, діни-наным сенімдеріне және саяси көзқарастарына қарамастан, бір мақсат — туған Отанымызды қазіргіден де қарымды, әлеуетті мақсаты біріктіруі тиіс. Әрбір азамат Қазақстан — менің Отаным, менің елім деген ұранның маңайына топтасуы керек.

Жоғарыдағы ортақ міндеттерге қол жеткізуде билік пен қоғамды топтастырудың маңызды шарты ел тәуелсіздігінің бүгінгі күнгі басты байлықтардың бірі этносаралық келісім сақтау мен оны әрі қарай дамыта беру екені сөзсіз. Әуел бастан Қазақстан ұлтын біртұтас азаматтық негізде қалыптастыру жолы таңдалды. Көп ұлтты қоғам жағдайында, міне, нақ осындай қадам оны топтастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тәуелсіз даму кезеңінде ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудың өз елімізге ғана тән үлгісі қалыптасты. Осыған орай Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше ролі туралы айтпай кетуге болмайды. Ол шын мәнінде 16 жылдық уақыттан бері өзінің басты міндеті, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру үшін барлық этностық топтардың мүддесін сәйкестендіретін қызметті жүзеге асырып келе жатқан құрылым болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясының беделі айтарлықтай жоғарылап, конституциялық ұйымға айналды. Парламентке өз өкілін жіберуге мүмкіндік алды. Сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі халықаралық қоғамдастықтың тарапынан жоғары бағаланатынына ешкімді де таң қалдырмасы

анық. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на табысты төрағалық етуіне жәрдемі тиген негізгі деректермен, дәйектердің арасында еліміздің ұлтаралық және дінаралық келісім тәжірибесі болғаны құпия емес.

Тұтастай алғанда, халқымыздың толеранттылығы мен даналығына негізделген салмақты мемлекеттік ұлтаралық саясат, бізде өткен жылдар бедеріндегі қандай да бір қиындықтарға қарамастан, елімізде ұлтаралық келісімді сақтауға мүмкіндік берді және бұл, сөз жоқ, біздің маңызды стратегиялық ресурсымыз. Ұлтаралық келісім біздің бүгінгі жетістіктеріміз мен болашақ табыстарымыздың іргетасы болып қала беруі тиіс. Тек бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қойып, оларды өмір шындығына айналдыра аламыз.

Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық дамуы жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылдың 11 қазанда біздің мемлекеттік басқаруымыздың және экономиканы реттеудің басты, табысты іске асырылып келе жатқан стратегиялық жоспары — «Қазақстан–2030» ұзақ мерзімді стратегиялық дамуын айқындайтын тарихи құжат қабылданды. Қазіргі күнде «Қазақстан–2030» дамуы бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның негізгі мақсаты болашақ ұрпаққа арналған.

Өткен тарихымызда бүгінге дейін мұндай өрлеу бұрынды-соңды болған емес. Өзінің жиырма жылдық тәуелсіздік мерейтойын бүгінгі күнде Республикамыз әлемдік қоғамдастықтың қатарында болашаққа сеніммен қарап, алға ұмтылған демократиялық және экономикалық өзгерістердің толық құқықты көшбасшысы ретінде қарсы алып отыр. Біз уақыттың осы қысқа кезеңінің ішінде іс жүзінде жаңа тәуелсіз мемлекет құрдық. Бұл кезең — жиырма жылдық уақыт Қазақстанның болашағын айқындаған аса маңызды, ең өзекті мәселелерді қамтыды. Ең бастысы — қазақстандықтардың көңіл-күйі мен дүниетанымдағы өзгерістерге қол жеткізілді. Халқымыз мемлекет пен қоғамдағы реформаларды дұрыс түсініп, сараптай алды. Қиындығы мол өткен жылдарда тарих қазыналарында қалған көптеген мұраларды қайта бағалауға қол жеткіздік. Шынайы адамдық құндылықтарды танып білдік, әлемдік қоғамдастыққа енудің күрделі жолдарынан өттік. Тәуелсіз мемлекетіміздің халқы елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін түсінді, оған сенді, барынша қолдау көрсете білді және өздері де реформалардың белсенді бастамашылары мен жүргізушілеріне айналды.

Жыл өткен сайын ел тәуелсіздігінің қадір-қасиеті арта түскенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мемлекет мәртебесін өсіріп, ұлт абыройын асқақтату жолында Қазақстанның тұңғыш Президенті — Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев ел-жұртын өрге сүйреп, өзінің өміршең ойларымен, жаңашыл бастамаларымен, ұтымды саясатымен ерекше күш-жігер көрсетіп, тәуелсіз мемлекеттің еркін тыныс алып, нығайуына қол жеткізді. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес шет елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. «Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту» Заңына сәйкес 1999 жылы мемлекет басшылары шекаралық мәселелерді толық реттеу мақсатында құжатқа қол қойды. Бұл келісім-шарттың тарихи маңызы ерекше зор еді. Сонымен қоса сыртқы саясат ведомствосының өте сәтті табысы болды. Себебі Қытай 15 мемлекетпен шектеседі. Олардың бізден басқа бір де біреуімен Қытайдың толық шекаралық келісімі әлі жоқ. Ғасырдан ғасырға созылған шекаралық дауға соңғы нүкте қойылды. Енді 1782 шақырымдық шекара сызығындағы белдеу халықаралық деңгейде мойындалған заңмен қорғалады.

Ал 2005 жылы 18 қаңтарда әлемдегі ең ұзын шекаралық белдеу болған Қазақстан-Ресей шекарасы анықталып, БҰҰ тарапынан мойындалды. Қазақстан-Ресей шекаралары құрлықтағы ең ұзын шекара болып табылады. Оның ұзындығы — 7591 шақырымды құрайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны межелеу сияқты саяси салмағы ауыр мәселе әлемдік халықаралық құқықтық тәжірибеде өте сирек кездеседі, соған қарамастан, қысқа уақыт аралығында шекара сызығының барлық нүктелері келістірілді. Осы күнде Қазақстанның кең-байтақ даласының мемлекеттік шекарасы толық белгіленді [5].

Қазақстан индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын өмірге енгізіп, қарқынды түрде жүзеге асырып келе жатыр. Қазақ елінің дәл жүрегінен, Еуразия кіндігінен барша қазақстандықтардың мақтанышы әрі кейінгі ұрпақтарға тарихи мұра болып қалар ұлттық жетістігіміз — Астана қаласы бой көтерді. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасымен оның Елордасы — Астананы бүкіл әлемге паш етті.

Өркендеуіміздің, тұрақтылығымыздың және болашаққа жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет пен қоғамға ұмтылысымыздың нышаны ретінде елордамыз-республиканың бас қаласы —

Астана күннен-күнге көркейіп қанат жайып келеді. Оның бүгінгі бейнесінің өзі-ақ көз алдымызға Еуразияның келешектегі жұртқа мәшһүр шаһарын елестетеді.

Н.Ә.Назарбаев 2005 жылы жарық көрген «Еуразия жүрегінде» атты еңбегінде Астананың мемлекетіміздің іргетасын нығайтуға тигізген септігін былайша баяндап жеткізеді: «Кез келген жүрек сияқты жаңа астана да Қазақстанның барлық өңіріне нәр берумен қатар ұлттық рух пен сананы көтеруде. Астана — Қазақстанның жаңаруының нышаны, оның көпұлтты халқының жасампаз күш-қуатының куәсі. Бұл — соншалықты жеңіл тимеген заманның өзінде жаңа астанасын тұрғызуға бел шешіп кіріскен халықтың өзінің күш-жігеріне деген сенімнің белгісі. Бұл — азаттық алған ұлттың өзінің гүлденеген болашағына, ұрпағының келешегіне зор үміттің көрінісі» [6]. Астана қаласының құрылысы — біздің тарихымыздың жасампаздық беттерін толықтырар айрықша жетістік.

Елбасының елдік сананы жаңғыртып орнықтыруы, тәуелсіздікті баянды етуі Қазақстан халқына еркіндік бақытын сездірді. Салмақты жүргізілген мемлекеттік саясат адамдар көңіліне сенім ұялатып, тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге бағытталды.

Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кеменгер басшылығымен Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. 1997 жылдың 11 қазанында еліміз «Қазақстан–2030» атты стратегиялық бағдарламасын қабылдап, өзіндік даму жолын таңдады. Қысқа мерзім ішінде республикамызға Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларға да реформалар жүргізілді. Осыдан тура 20 жыл бұрын еліміздің алдында алынбас қамалдай аса күрделі саяси-әлеуметтік қиындықтар тұрды. Ел болып бірлікке жұмыла білгеніміздің нәтижесінде біз солардың бәрінен өтіп, өркениет жолына бағыт алдық.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев нарықтық экономикасы мен бейбітшілікке негізделген сыртқы саясаты бар зайырлы, құқықтық демократиялық қазақ және басқа да ұлт өкілдерінің ынтымақ-бірлігі жарасқан мемлекеттің негізін қалады. Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге де бастамашы болды. 2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының төрағалығымен ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің басшылары елордамызда бас қосып, Астана доктринасының бірауыздан қабылдады.

Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Бүгінгі күнде ата-бабаларымыз арман еткен тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Қазақ елі қазіргі уақытта да, болашақта да әлемдік қауымдастықтан лайықты орнын алып дами береді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Абрахманов С.* Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 3-б.
2. *Абдулпаттаев С.* Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. — Алматы: Қарасай, 2006. — 58-б.
3. *Сұлтанов Қ.* Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 149-б.
4. *Назарбаев Н.Ә.* Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды: Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — 2008. — № 21. — 18 қаңт. — 2-б.
5. *Аязан Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А.* Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 163-б.
6. *Назарбаев Н.Ә.* Еуразия жүрегінде. — Алматы: Атамұра, 2005. — 17-б.